

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЖАС ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ РОЛІ

Жумабаева С.Б., Набатбек Е., Әбибуллаева А.,

БІ. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

*«Кешегі бабамызбен ғана емес, бүгінгі
бағамызбен, ертеңгі шағамызбен де мақтана
алатын ұлт болуды ойлауымыз керек».*

Н.Ә. Назарбаев

«Жас бала – жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді»-дейді халқымыз. Жерге отырғызған жас көшет те қашан тамыры тереңдеп, жапырағы жайылып, саялы ағаш болып үлкейгенше мәпелеп күтіп, үзбей тәрбиелеуді қажет етеді.

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың айналамен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру құралы /3/.

Елбасы әрқашан өз сөзінде еліміз бен оның жас ұрпағының алдында тұрған міндеттерді нақтылай келіп, “Біз жаңа ғасырдың талаптарына тез бейімделіп, қатаң бәсекелестікке дайын болуға тиіспіз. Мен жастардың жылма-жылғы Жолдаудың мағынасы мен мәнісін түсініп, оның идеяларын ұғынғанын қалаймын”, – деді. Себебі, бүгінгі жас ұрпақ, ертеңгі – білгір маман, мемлекет болашағы емес пе?

“...Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім” деп Мұхтар Әуезов айтқандай, бүгінде Елбасының жастардың сапалы білім алып, жоғары кәсіби маман болып шығуына аса мән беріп отырғаны мәлім. Үш мыңнан астам Қазақстан жастары шетелдердің беделі мықты жоғары оқу орындарында Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық “Болашақ” бағдарламасы бойынша білім алып жатыр.

“Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын” демекші, мемлекет жанам деген жүректерге от беріп, жастардың тарапынан жасалып жатқан игі істерге демеу көрсетіп отыр. Ел ертеңі саналатын жастардың қоғам өмірінде алар орны бүгінде соншалықты маңыздылыққа ие болып отыр. Тұғырлы биіктен көрінерлік талапты жастардың қоғам өміріне араласуын бір жағынан уақыттың өзі талап етіп отыр. Сондықтан болар, жастар болашақтары өзгенің емес, өз қолдарында екенін түсініп үлгергендей.

Елімізді Азия барысына айналдырып, әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына енгізетін ұлы күш – бұл бүгінгі жастарымыз. Сондықтан, олардың мойнына үлкендердің үкілі үміті жүктеліп, Отанымыздың зор сенімі артылады. Бүгінгі жастар бүкіл ел сенімі екенін санамыздан шығармауымыз шарт. Себебі, білім мен ғылымды ұштастырған терең ойлы, білікті жастар тәуелсіз еліміздің нұрлы болашағына жол ашпақ /2/.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың биылғы жылғы Жолдауында оқыту үрдісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор делінген. Осы Жолдауды қолдай отыра, жастарға білім берудегі басты мақсат жеке ұрпақтың білім деңгейін көтеру және жан-жақты жеке дамыған тұлға қалыптастыруға міндеттіміз /1/.

21 ғасыр-бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Мұғалімнің басты мақсаты-қоғамның сұранысына лайықты ізгілік қасиеттерді бойына сіңірген тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Кез келген технология білім берудің мақсатынан бастап оның түпкі нәтижесіне дейінгі аралықтағы оқытудың әдістемелік жүйесіне енетін барлық компоненттің біртұтас ортақ мүддеге бірлесе қызмет етуінің тиянақталған жолы болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында: «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» десе, III тарауы, 18-ші бағытының 7-ші тармақшасында: «Ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың жаңа нысандарына бағытталған мамандандырылған білім беру бағыттарын құру міндеті де алдымызда тұр» делінген, сондай-ақ 17-ші бағыттың 3-ші тармақшасында «онлайн тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет» деп көрсетілгендей бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияға негізделуін және ақпараттық құралдардың кеңінен қолдануын қажет етеді. Осылайша оқу-тәрбие үрдісіндегі жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабынан туындап отыр.

Қазіргі заманғы ғылыми техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдында мүлде жаңа міндеттер қойып отыр. Ол өз жұмыс орнында және бүкіл техникалық тізбекте технологиялардың үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын орындаушының тұрғысын қалыптастыру. Ал оларды даярлау үшін қазіргі дидактикалық мүмкіншіліктерді жаңа идеяларды және білім беру технологияларын пайдалану керек.

Қазіргі уақытта әрбір жаңа заманғы адам компьютерді біледі, оны жұмыста да, үйде де қолданады. Компьютерлік технологиялардың жаңа заманғы әлем бізге өте үлкен көлемді есептерді шешуге мүмкіндік береді, аз уақыт ішінде ақпараттың өте үлкен санын өңдеуге көмектеседі. Компьютер құрамдастардың даму жылдамдығы тек математикалық, графикалық есептерді шешіп қана қоймайды. Бүгінгі күні видео және аудио ақпаратты өңдеу және бейнероликтерді құру аса қиындыққа соқпайды.

Қазіргі кезде компьютерлік технологияның даму деңгейі жаңа дәуірдің мультимедиялық, телекоммуникациялық мүмкіндіктері мен артықшылықтарын көрсететін, толыққанды сапалы, нақты алғышарттар болып табылады.

Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютерде жастар үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса, барлық сабақтарды компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Сондықтан, ұстаз – мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – жаңа технология негіздері болып табылады.

Ақпараттандыру жағдайында жастардың меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасы артады, педагогтар жастарға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, шәкіртердің қызығушылығы арта түсері анық.[4]

"Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет" Н.Ә.Назарбаев.

Біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңі-ақпараттық кезеңге толықтай көшіп келеді, бұл кезең, компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагог қызметінің барлық саласына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. Қазіргі кезде білім кеңістігін заманғы сай ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін емес.

Жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияны пайдалану; білім мазмұнының заман талабына сай болуына, балалардың болашақта қажетті білімді, толығымен алуына өздігімен меңгеруіне, өзін-өзі бағалай алуына, өз күшіне сенімділіктің болуына бағыттайды.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т. б. тіркестермен тығыз байланысты. Қазіргі білім саласындағы оқытудың жаңа педагогикалық технологияларды меңгермейінше сауатты, жан - жақты білгір маман болу мүмкін емес. Жаңа педагогикалық технологияны меңгерту мұғалімнің зейін – зерделік, кәсіптік,

адамгершілік, рухани т. б, көптеген ұстаздық қабілеттерінің қалыпта-суына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Мұғалім алғаш жаңа педагогикалық технологияларды оқып үйренеді, екіншіден меңгереді, үшіншіден тәжірибеде қолданады, төртіншіден оны дамытып нәтижесін көрсетеді. Міне осы айтылғандар біз білім алып отырған Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында оқу үрдісінде ақпараттық технологияны пайдалануға зор мүмкіндік жасалған. Атап айтсақ математика және физика кафедрасының өзінде 3D форматтағы математика және физикадан бейне дәрістер, виртуалды зертханалар, бірнеше электронды оқулықтар орнатылып, оқу үрдісінде пайдаланылады. Міне сондықтан жастардың білімді, саналы, тәрбиелі, ақпараттық технологияны меңгерген, заман талабына сай маман болып шығуына әбден болады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап көрсеткендей, “Елімізге бойына ата-бабамыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дарыған, егеменді елімізге аянбай қызмет ететін ой-өрісі кең, алғыр да жүректі, сауатты да саламатты азаматтар қажет”. Ендеше, Тәуелсіз Қазақстанымыздың гүлденуі мен көркеюі үшін білімді де білікті жастар қатарында болайық!

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» Елбасы жолдауынан //«Егемен Қазақстан» газеті. №90-93 (25939) 12 наурыз, 2010 ж.
- 2 Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі.
- 3 Bilimkozy.kz сайты

ПРИНЦИПЫ И МЕТОДЫ СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

*Заречнева О.И.,
средняя школа №22, г. Костанай*

Для определения принципов и методов социально-педагогической деятельности рассмотрим прежде принципы обновления педагогических процессов в образовании и ведущие принципы воспитания в классической педагогике.

Исторический анализ педагогических процессов образовательного пространства показывает, что ведущей тенденцией развития системы образования является ее перманентность, есть непрерывное обновление. Каждые пять или десять лет в системе образования проявляется потребность в частичном или полном пересмотре ее содержания и структуры. Принципы ее обновления:

- научность и историзм при рассмотрении явлений природы и общества;
- народность и культуровидповидность;
- инновационность в сочетании с традиционностью;
- дифференциация и интеграция знаний;
- личносно ориентированный подход;
- непрерывность и вариативность обучения и т.д.

Движущими силами процесса воспитания являются внутренние противоречия и попытки избавиться от них. Наличие общих противоречий приводит к формированию общих положений, которые выступают как в форме закономерностей и принципов воспитания, так и ориентиров организации и управления педагогическим процессом.

Закономерности развития явлений и процессов отражают объективные, устойчивые, инвариантные связи и взаимосвязи, повторяющиеся или относительно не изменяющиеся, закономерности педагогического процесса описывают внутренние существенные противоречия, которые становятся источником развития процесса и его функционирования. К ним относятся противоречия: